

## Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие

Жерге орналастыру факультетінің 104 тобында 2013 жылғы 9 қараша күні «Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие» тақырыбында кураторлық сағат өтті. Кураторлық сабақта қазақ халқының сөз қадірін бағалай білетіндігі туралы көп мәліметтер келтірілді. Әсіресе, халық аузында көп тараған терең мағынасы бар мақал-мәтелдер, афоризмдер жастарды тәрбиелеуде үлкен маңызға ие. Осыған дәлел ретінде: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Әкесіне қарап ұл өседі, анасына қарап қыз өседі» деген мақалдар адамға үлкен ой салары анық. Негізінен, қазақ мақалдары өзінің кең диапазонымен тақырыптың ауқымдылығымен ерекшеленеді. Бұл атадан мұра болып қалған мақал-мәтелдер жастарды шынайылыққа, тәрбиелікке, еңбекқорлыққа, білімдарлыққа, шыншылдыққа және елін сүйуге үйретеді.

